

ЖАҒАНДЫҚ СОҒЫС ТАРИХЫНА ЖАҒАША КӨЗҚАРАС

Б.Ғ. АЯҒАН,

*ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының директоры, т.ғ.д., профессор
Астана қ., Қазақстан*

Әлем тарихындағы Екінші дүниежүзілік соғыс өзінің ауқымы жағынан, шығындары мен миллиондаған адамдардың өмірін құрбан етуі жағынан өте жойқын болғандығы анық. Осы соғыстың өткеніне 70 жылға таяу уақыт өтсе де, ақиқаты бұрмаланған, көмескі тартқан тұстары баршылық. Одан кейін, жалпы әлемдік саяси жағдайды уақыт контекстінде қарастыру аса маңызды мәселе. Қазіргі уақыттың қойған талабына сай, адамзат тарихындағы оқиғалар мен құбылыстарды қайта қарау, баға беру өте өзекті екендігі анық.

Германияның атышулы рейхсканцлері Адольф Гитлер сөз жоқ, агрессор, фашист, диктатор. Сонымен бірге әлем халықтарының 80%-ын қамтыған Екінші дүниежүзілік соғыстың екінші кезеңінде (22.06.1941) Кеңес Одағына қарсы соғыс ашқан қанішер ретінде тарихта қалды.

Ал осы Ұлы Отан соғысында И.Сталин, В.Молотов сияқты кеңестік-партиялық басшылар өздерінің саяси қателерінің кесірінен кеңес халқын қырып алды. Оған соғыстың алдында болған ашаршылықты, саяси репрессияларды, партиялық кадрлардың әлсіздігін, әскери мамандардың жетіспеушілігін қосыңыз. Мына нақты деректерге көңіл аударайық.

1937–1938 жылдары, небәрі 15 айдың ішінде КСРО бойынша 1,5 млн. адам тұтқындалып, оның жартысы атылған [1, 5]. Ал Николо Верттің 2006 жылы Мәскеуден шыққан «История Советского государства» атты еңбегінде «1939–1940 жылдары түрмелер мен концлагерьлердегі тұтқындалардың саны 3,5 млн-нан 10 млн-ға дейін жеткені» жазылады. Міне, Кеңес Одағы фашистік Германияға қарсы соғысқа осын-

дай жағдайда кірісті. Басқаша айтқанда, КСРО соғысқа дайын болмай келді.

Осындай қысылтаяң кезеңде «Халық» көсемі ақылға сыйымсыз айла-тәсілдерге көшті. Соның бірі экономиканы милитаризациялауды күшейту арқылы А.Гитлердің алдын орап кету болды. Бірақ А.Гитлердің айласы одан да асып түсті. Бұл саяси ойында кім жеңді, кім жеңілді? Өзіңіз сараптай беріңіз... И.Сталин соғыс кезінде елді фашизмге қарсы ұйымдастыра білді, оның арнайы мемлекеттік қорғаныс комитетін басқарғаны туралы айтып жүрміз. Бірақ соғысқа қатысты көптеген құжаттар мен материалдардың ішінде Германия Сыртқы істер министрі И.Риббентроп пен КСРО Сыртқы істер министрі В.Молотовтың арасында жасалған құпия хаттамаларды атап айтуға болады. Олардың осы келісімге қол қойғанын айғақтайтын фотолар да жеткілікті. Мұндай құпия келісімдер болмаса, екі ел арасында Польша бөліске салынбас еді, Батыс Украина мен Батыс Белоруссия КСРО-ға қосылмас еді. Осы келісім бойынша жүздеген неміс дивизиялары Буг өзенінің арғы жағына орналасты. (Буг өзенінің аумағы Есіл, Іле өзендерімен шамалас). Сөйтіп, 1941 жылдың маусым айында қаптаған неміс әскерлері КСРО-ның шекарасына жақындап, қолсозым жерде тұрды.

Келесі мәселе – кеңестік тарихнамада атақты «үштіктің» (Ф.Рузвельт, У.Черчилль, И.Сталин) бірі саналатын Уинстон Черчилльдің тарихи рөлінің біржақты көрсетілуі дер едік. Шындығына келгенде, ағылшын Премьер-министрі А.Гитлердің басқыншылық саясатын алғаш әшкерелеген саясаткер болды және И.Сталинге «Гитлердің соғыс ашатынын» алдын ала ескертіп, сақтыққа шақырған. Бұл өте маңызды мәселе.

Кемінде 28 млн. адамын жоғалтқан КСРО-мен салыстырғанда, Ұлыбританияда бас-аяғы 326 000 әскер, 70 000 адам шығыны болған. Тағы бір мәселе, Германия қанша тырысқанмен, Ұлыбританияға аяқ баса алмады. Неге? Өйткені, бастапқы кезден-ақ ағылшындардың стратегиясы мықты болды, басшылығы дұрыс болжам жасап, көрегенділік танытты. Ал КСРО-ға келсек, оның территориясында неміс әскерле-

рі 1944 жылдың күзіне дейін үстемдік құрды. Адамзат тарихында бұрын-соңды мұндай (28 млн.) адам шығыны болған емес! Жалпы КСРО тарихында адам факторы шет қалды, есесіне партия мен оның көсемдерін дәріптеу басым болғаны белгілі.

КСРО 1929 жылғы «Соғыс тұтқындарын ұстау тәртібі» туралы Женева конвенциясына қол қоюдан бас тартқан болатын. Өйткені кеңестік басшылардың көбі адам жағдайымен санаспаған еді. Сондай-ақ олар миллиондаған қазақты 1920–1921, 1931–1932 жылдары аштыққа ұшыратып, ұлттық интеллигенция өкілдерін 1937–1938 жылдары ату жаза-сына кесті емес пе?

Өкінішке орай кеңестік тарихнама бізге тұтқынға түскен КСРО азаматтарын «опасыздар», «сатқындар» деп үйретті. КСРО-да адам құқықтары тапталды. Жау тұтқынынан арып-ашып елге жеткен қазақ тұтқындары өз елінде «жығылған үстіне жұдырықтың» күйін кешті. Ал өркениетті Ұлыбританияда гуманизм салтанат құрды. Мұнда әскери тұтқындар заңмен қорғалды, ағылшын үкіметі адам факторын бірінші кезекке шығарды. Олар үшін әрбір ағылшын жауынгерінің өмірі қымбат болды. Тіпті «Қызыл крест» арқылы әскери тұтқындардың жағдайын бақылап отырды.

Осы сияқты құжаттар көпшілік қауым үшін қызықты, әрі тың материал деп есептейміз. Ұлыбританияның Премьер-министрі У.Черчилльдің мемлекеттік қызметте, ең алдымен, ағылшындардың мүддесін қорғауы, адам факторына үлкен мән беруі, тіпті саяси одақтастарына жанашырлық танытуы коммунистік басшылыққа үлгі боларлық іс-әрекет дер едік.

Қазақ тұтқындарының тағдыр-тауқыметі Айткеш Толғанбаевтың «Исповедь судьбы жестокой», Сүлеймен Бекеновтің «Қазақ тұтқынында», Хамза Абдуллиннің естеліктерінде шынайы жазылған. Жалпы, соғыстың ащы ақиқатын шынайы суреттеген танымал тұлғаларымыз Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Ә.Нұршайықов сияқты майдангерлер болатын.

Соғыстың басталғанын алғашқылардың бірі болып естіген У.Черчилль көп кешікпей «Би-Би-Си» арқылы баршаға Үндеу жариялайды.

Онда: «Нацистскому режиму присущи худшие черты коммунизма. У него нет никаких устоев и принципов, кроме алчности и стремления к расовому господству. По всей жестокости и яростной агрессивности он превосходит все формы человеческой испорченности. За последнее 25 лет никто не был более последовательным противником коммунизма, чем я. Я не возьму обратно ни одного слова, которое я сказал о нем. Но все это бледнеет перед развертывающимся сейчас зрелищем. Прошлое с его преступлениями, безумствами и трагедиями исчезает. Я вижу русских солдат, стоящих на пороге своей родной земли, охраняющих поля, которые их отцы обрабатывали с незапамятных времен. Я вижу их охраняющими свои дома, где их матери и жены молятся – да, ибо бывают времена, когда молятся все, – о безопасности своих близких, о возвращении своего кормильца, своего защитника и опоры. Я вижу десятки тысяч русских деревень, где средства к существованию с таким трудом вырываются у земли, но где существуют исконные человеческие радости, где смеются девушки и играют дети. Я вижу, как на все это надвигается гнусная нацистская военная машина с ее щеголеватыми, бряцающими шпорами прусскими офицерами, с ее искусными агентами, только что усмирившими и связавшими по рукам и ногам десятков стран. Я вижу также серую вымуштрованную послушную массу свирепой гнусной солдатни, надвигающейся подобно тучам ползущей саранчи.

Я должен заявить о решении Правительства Его Величества, и уверен, что с этим решением согласятся в свое время великие доминионы, ибо мы должны высказаться сразу же, без единого дня задержки. Я должен сделать заявление, но можете ли вы сомневаться в том, какова будет наша политика? У нас лишь одна-единственная неизменная цель. Мы полны решимости, уничтожить Гитлера и все следы нацистского режима. Ничто не сможет отвратить нас от этого, ничто. Мы никогда не станем договариваться, мы никогда не вступим в переговоры с Гитлером или с кем-либо из его шайки. Мы будем сражаться с ним на суше, мы будем сражаться с ним на море, мы будем сражаться с ним в возду-

хе, пока, с божьей помощью, не избавим землю от самой тени его и не освободим народы от его ига. Любой человек или государство, которые борются против нацизма, получают нашу помощь. Любой человек или государство, которые идут с Гитлером, – наши враги... Такова наша политика, таково наше заявление. Отсюда следует, что мы окажем России и русскому народу всю помощь, какую только сможем. Мы обратимся ко всем нашим друзьям и союзникам во всех частях света с призывом придерживаться такого же курса и проводить его так же стойко и неуклонно до конца, как это будем делать мы...» делінген.

Иә, У.Черчилль басқалардай емес, сөзінде тұрды. Көп ұзамай антифашистік одақ құрылады. Болгария, Түркия, Швеция, Испания сияқты Германияның одақтастарына қысым көрсету арқылы олардың агрессиялық пиғылдарын бәсеңдетті. Франция, Польша, Голландия, т.б. мемлекеттерге көмек көрсетті. Содан соң Ұлыбритания АҚШ-пен бірігіп, Кеңес Одағы жағына шықты, Қызыл әскерге материалдық және моральдық көмек (ленд-лиз) беріп отырды.

1941 жылғы маусымның 21-інен 22-сіне қараған күні В.Молотовқа Германияның елшісі В.Шуленбург соғыстың басталғаны туралы айтқан кезде, ол: «Для чего Германия заключала пакт о ненападении, когда так легко его порвала?» деп уәжін айтқан. Бұл – тарихи факт.

Мысалы, И.Сталинге байланысты тарихшы Н.Верттің «История Советского государства» атты еңбегінде: «Германское нашествие – в этом единодушны все свидетельства, казалось полностью лишило Сталина воли и дееспособности. Лишь через 12 дней, 3 июля он оказался в состоянии выступить с Обращением к народу, на целую неделю даже имя исчезло с газетных полос» – деп анық жазды [3, 560].

Кез келген соғыстың тарихында негізгі күштер 3 топқа бөлінеді:

Бірінші топ – қарапайым халық, қатардағы жауынгерлер мен төменгі шенді офицерлер;

Екінші топ – әскери офицерлер, жоғары шенді генералдар мен маршалдар;

Үшінші топ – саяси қайраткерлер мен дипломаттардан тұрады. Ал соғыс ашу немесе оның алдын алу осы үшінші топтың үлесіне тиеді.

Осылардың ішінде бірінші топтағы адамдар көп шығынға ұшырайды. Қазақстандық әскерлердің барлығы дерлік (!) осы топқа кірді. Ұрыс даласындағы қан майданда жаумен бетпе-бет шайқасқан екі дивизия командирі, полковник Бауыржан Момышұлы мен генерал Сабыр Рахымов болды. Олар қарапайым майдангер ретінде соғысты, қиян-кескі ұрыс даласында қан кешті. Ал КСРО-ның Бас қолбасшысы И.Сталин ше?.. Тарихи құжаттардың көбінде оның майданда мүлдем болмағаны айтылады. Кейбір кітаптарда «бір рет барыпты-мыс». Бірақ мұндай дерек көздері өте аз.

Статистикалық мәліметтер бойынша 1941 жылдың 22 маусымынан бастап қараша айына дейін (небәрі 4 айдың ішінде) 3 миллион 900 мың жауынгер (кейбір деректерде одан да көп) Германияның концлагерьлеріне тұтқынға түскен?(!). Әскери тұтқындардың көптігі сонша, Германия үкіметі оларды сыйдыратын жер таппаған.

Сол сияқты Ресейдің едәуір аймақтары, мыңдаған қалалар мен деревнялар, Балтық жағалауындағы республикалар, Украина, Белоруссия, Молдавия, Қырым жерлері Германия әскерінің қол астында қалды. Ресми мәліметтер бойынша соғыс кезінде 1710 қала мен поселкелер, 70 000 деревня мен селолар қирады, 25 млн. адам үйсіз-күйсіз босып кетті. Ленинград қоршауда қалды, Сталинград, Киев, Минск сияқты қалалары талқандалды.

Келесі мәселе – қазақ жауынгерлерінің, жалпы қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы туралы. Тарихшы, академик Манаш Қозыбаевтың зерттеулерінде «Ұлы Отан соғысына Орта Азия республикаларынан 3 миллионнан астам адам алынса, оның 1 млн. 366 мыңы қазақстандықтар болған, соның ішінде 18 бен 50 жас аралығындағы ер азаматтардың үлесі 70%-ды құраған. Ал Қазақстан бойынша соғысқа қатысқандар еңбек (трудова) армиясын қосқанда, жалпы халықтың 26%-ын құраған. Бұл көрсеткіш Германияда 12% болған. 26% бен 12%!» [4, 49-50]. Бұған ресейлік тарихшылар басқа деректерді келтіреді. Сондықтан біздің алдағы міндетіміз соғысқа қатысқан қазақстандықтардың, соның ішінде қазақтардың санын анықтау,

қаза тапқандар мен елге оралғандар санын нақтылау болып табылады. Статистикалық мәліметтерде соғыста қаза тапқан қазақтар туралы 130 000, кейбіреуінде 400 000 адам делінген. Ал 7 жыл соғысқан Ұлыбританияда 326 000 адам құрбан болған. Басқаша айтсақ, саны аз қазақ бұл соғыста Ұлыбритания халқымен теңескен.

Бұл соғыста Бас қолбасшының жеке басын емес, қарапайым жауынгерлердің тағдырына алаңдауымыз керек. Әрине, сұрақ көп, ал нақты жауап өте аз. Сондықтан әртүрлі жанрдағы еңбектерді, мейлі ол мемуар бола ма, монография бола ма, жинақ бола ма шығара беру керек. Соғысқа қатысты деректер неғұрлым көп болса, тарихы соғұрлым терең жазылады. Сондықтан біз бүкіл әлемді шарпыған екінші дүниежүзілік соғысқа кінәлі «көсемдерді» емес, қатардағы қарапайым қазақ жауынгерлерін жоқтаймыз (іздейміз) және оларды барынша қорғаймыз.

Ұлы Отан соғысы туралы айтқанда, біз билік пен халықтың ерлігін ажырата білуіміз керек. Бұл соғыста билік жеңген жоқ, халықтың рухы жеңді.

Тағы бір маңызды мәселе – соғыстың алдында әртүрлі себептермен елден тысқары аймақтарға қоныс аударған отандастарымыздың тағдыры. Бүгінде Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Ресейде көптеген қандастарымыз тұрады. Мысалы, Ресейдің Түмен облысындағы ағайындардың тағдыры қандай? Сол сияқты Мәскеу шайқасы кезінде құрамында қазақтар болған Сібірлік дивизия туралы зерттеулер жоқтың қасы. Олар панфиловшылармен бірге соғысты. Ресей қазақтарының тарихын зерттейтін профессор Зиябек Қабылдиновтың айтуынша, соғыс кезіндегі шетел қазақтарының тарихы назардан тыс қалған, мақсатты зерттеу жобаларына енбей қалған. Өткен жылы тарихшылар қауымының күшімен даярланған «Халық тарих толқынында» атты бағдарлама жобасына «Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан» тақырыбы арнайы енгізілді. Бұл соғыс тарихының «ақтаңдақ» беттерін қайта зерделеуге мол мүмкіндік береді. Енді біз бар күшімізді соғыстың ақиқатын ашуға салуымыз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Петров Н., Янсен М. «Сталинский питомец». Николай Ежов. М., 2008. 447 с.
2. Роковой самообман: Сталин и нападение Германии на Советский Союз. М., 2008.
3. Верг Н. История Советского государства. М., 2006.
4. Казахстан в Великой Отечественной войне 1941–1945 годов. Сб. докладов и выступлений на международной научной конференции, посвященной 55-летию Победы над фашистской Германией. Алматы, 21 апреля 2000 г.

Қосымша пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аяган Б.Г. Красные и черные (Материалы Гуверского архива). Алматы, 2005. 240 с.
2. Бекенов С. Қазақ тұтқыны / Бас ред. Б.Аяған /. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. 256-б.
3. Джагфаров Н.Р. Формирование режима личной, тоталитарной власти в стране (1917–1937 гг.). Алматы, 2013. 294 с.
4. Көкебаева Г. Фашистік Германияға Кеңестер Одағы көмектесті // Айқын, 24 маусым, 2008.
5. Дробязко С.И. Вторая мировая 1939–1945 / Ил. А.Кращука. М.: Эксимо, 2006. 384 с. ил. (Иллюстративная история войн XX века).
6. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.). Алматы: «Ғылым», 1985. 320-б.
7. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. Алматы: «Қазақ университеті», 1992. 272-б.
8. Көлбаев Т. Өшпес даңқ. Алматы: ИИЦ «Азия Арна» баспасы, 2013. 480-б.